

Қазақ қызына қатысты салт-дәстүрлердің «Тіл-Мәдениет-Қоғам» контексіндегі көрінісі

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының қыз балаға арналған салт-дәстүрлердің ерекше тұстары сөз болады. Қазақ халқының дүние бейнесінің фразеологиялық фрагменттерінде бекіген жалпы қыз бала туралы ұғым-түсініктердің ұлттық сипаты «Тіл-Мәдениет-Қоғам» контексінде суреттеледі. Қазақ халқының салт-дәстүрге деген көзқарасын, оның құндылықтары мен қолданыстағы орнын фразеологиялық тіркестер арқылы келешек ұрпаққа шеберлікпен таныстыру мақсат етіледі. Кез келген қазақ отбасында қыз бала еркін, уайым-қайғысыз, оң жақта, еркелеп бойжетеді. Жалпы қыздың болмысы жаратылысынан өте нәзік, сүйкімді, инабатты болып келеді. Осы қасиеттердің барлығы өн бойынан табылып, тал шыбықтай майысып өсуіне салт пен дәстүрдің де ықпалы зор. Ата-бабамыз қыздарды кішкентай кезінен ақылдылыққа, тапқырлыққа, сабырлыққа, шыдамдылыққа үйрете отырып, келешекте осы қасиеттер арқылы үлкен белестерді бағындыра алатындығын түсінген. Қазақ қызға жат жұрттық немесе екі елді байланыстырушы, елші ретінде қараған. Бөтен елге ұзатылған қыздың бойында қалыптасқан мінезі мен тәрбиесі арқылы бүтін бір рулы елдің болмысы бейнеленген. Сондықтан, қазақ қызды қырық үйден тыйып, дүйім ел болып тәрбиелеген. Тұрмыс құруға лайықты жасқа келгенде қызды абыроймен өз теңіне ұзату әрбір ата-ананың міндеті мен парызы. Сол мақсаттарға жету кезінде атқарылатын шаралардың барлығы салт-дәстүрден тыс қалмайтыны назарға алынды. Зерттеу қазақ халқының қыз балаға қатысты күнделікті және ұмыт бола бастаған салт-дәстүрлерін тереңірек ашуға бағытталған. Фразеологиялық тіркестер қыз баланың әдемілігі мен қадыр-қасиетін тілдік тұрғыда ашуға бағытталған негізгі құрал болып табылады.

Түйін сөздер: салт-дәстүр, әдет-ғұрып, фразеологиялық фрагмент, тіл, мәдениет, концепт, этнос, лингвомәдениеттану.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-136-149>

Кіріспе

Адам баласы ұлтынан қаншалықты ажырамайтын болса, салт-дәстүрде сол сияқты этноспен тығыз байланыста, қосарланып жүреді. Ол сан ғасырларды артқа тастаған, түрлі зерттеу елегінен өткен, пайдалы, маңызды және тиімді жақтары өте тереңде жатқан, құнды, халықты өзіне тәуелді ететін, сараптамадан өткен тұтас әлем. Дәстүрдің ғасырлар

бойы өміршең болып, ұмытылмауына тілдің атқарар еңбегі зор. Тіл – салт-дәстүрлер өзгін сақтаған күйінде келешек ұрпаққа жеткізіп отыратын құрал. Осы тұста, көптеген ғалымдардың ой-пікірлері негізгі мақсатымызды айқындай түсуге көмектеседі. Ғалым Г.С.Сагидолданың пікірінше «Тіл – қарым-қатынас құралы» ғана емес, ол тіл иесінің тарихи жады, мәдениеті мен танымдық әрекетінің нәтижесі, наным-сенімі, пәлсафасы, психоло-

гиясы, табиғат пен ғарыш, тағылым мен тәрбие туралы білім қоры бекіген рухани әлемі. Демек, тіл – тарихи қалыптасқан және диалектикалық қарама-қайшылықтарға толы ұлттық өмір салтын өзек ететін этникалық мәдениеттің формасы ғана емес, оны жинақтап, топтайтын құрал» [1. 27]. Яғни, тілді мәдениеттің кілтіне айналдыра отырып, «Ата-баба дәстүрі жас ұрпаққа аманат» атты еңбегінде салт пен дәстүрді бір-бірімен байланыстыра отырып, былайша ашады. Яғни, салт дегеніміз – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмысына, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптар тұғырының негізі. Ал, дәстүрге келер болсақ, ол тарихи негізде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып, жалпыға бірдей әдеп, инабат нормасы. Онсыз – мүлдем халық жоқ [2. 6]. Осы тұста, белгілі бір ұлт пен салт-дәстүрдің арасын біріктіріп, бір-бірімен байланыстырып тұратын екі жақты елші – тіл болып табылатындығы жоғарыда айтылды. Енді, келесі ғалым С.Г.Тер-Минасованың «Тіл және мәдениетаралық коммуникация» еңбегінде «Тіл – тасымал құралы, мәдениетті жеткізуші, ол ұрпақтан-ұрпаққа сақталып келген ұлттық мәдениеттің жауһарларын тасымалдайды. Балалар ана тілін меңгере отырып, онымен бірге ата-бабаларының бүгінге дейін жинақталған мәдени бай тәжірибесін де игереді. Демек, тіл – ұжымның қоғамдық санасын, дәстүрін, мәдениетін сақтап, жеткізу арқылы адамдар тобынан этносты, ұлтты қалыптастыратын қуатты қоғамдық қару. Тіл қоғамның мәдени және әлеуметтік құрылымының көрсеткіші және сол ақпаратты өн бойында сақтайтын қазына», – деп түсіндіреді [3. 19-20].

Материал және зерттеу әдістері

Салт-дәстүрдің тілге, мәдениетке және қоғамға тән көрсеткіштерін саралау үшін мақалада зерттеудің әртүрлі сипаттама, этнолингвистикалық әдістері қолданды. Сонымен қатар, қазақ халқының әдеби мұралары, фразеологиялық, лингвомәдени және салт-дәстүрлер жинағы кітаптары мен сөздік-

терінен көптеген құнды деректер алынды. Салт-дәстүрлердің ел арасында қаншалықты маңызды екендігі анықталып, олардың қолданыстағы орны бір-бірімен салыстырылды.

Әдебиеттерге шолу. Тіл – барлық этностың ең басты, негізгі және тұрақты көрсеткіші. Осы тұста, ғалым Н.И.Толсто «Язык и народная культура» атты еңбегінде «тілді мәдениетпен де, этноспен де және ділмен де байланыстырды. Тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі мен құралы» [4. 16]. Оны «әдеби, киелі және фольклор тілі» деп топтастырды. Сонымен қатар, «тіл дербес, оны мәдениеттен бөлек қарастыруға да болады» [4. 36] деген пікір қалдырған. Ал, тіл мен халық менталитеті өзара байланысқанымен, менталитет мәні аз зерттелген сала. Оған тіл зерттеу саласының барлық бөлігінің қатысы бар. Этнос пен тіл көнеден келе жатқан мәселе. Жалпы этнос пен нақты этностың анықтамасын бір параметрге қарап беру мүмкін емес [4. 38]. Оның негізгі компоненттері әртүрлі сала ғылымының құзіретінде. Этностық құрылым тілдік құрылымға қарағанда тарихи өзгерістерге жақын және «тіл-этнос» аралық байланысқа әсер ететін әлеуметтік-экономикалық, мемлекеттік-саяси қоғамдық процестердің де ықпалы бар» [4. 34] деп тұжырымдайды. Ал, академик Әбдуәли Қайдар тіл мен ұлттың ара-жігін былайша аша білген: «Тіл – ұлттық рухтың ұйытқысы» дей отырып, «бір тіл – бір ұлт» деген қағида бар. Егер адам кең байтақ, кім келсе де төрім ашық дейтін болса, олардың бәрінің басын қосып, тату-тәтті өмір сүруін қаласа, онда олардың рухани ұйытқысы тек сол мемлекеттің ұлттық тілі болуы керек. Қазіргі жағдайда бұл аса қажет нәрсе. Қазақ тілін мансұқ етіп, әр ұлт тек өз тілінің күйін күйттеп, жергілікті ұлттың тілін қадірлемесе, оқып үйренбесе, сол тілде сөйледі, жазуды меңгерсе, онда рухани ұйытқыға сызат түседі». Сонымен қатар, «Тіл – халықтың жаны» ұлттың бүкіл болмысы, жан дүниесі, тұрмыс-тіршілігі тілінен көрінеді. Өзгелерден ерекшелігін де тіл танытады. «Тіл халықтың - төлқұжаты» тіл туралы халық үнемі нақты бағасын беріп отырады. Халық туралы ең басты қажетті мәліметтерді оның тілі айғақтап

береді. Өйткені тіл – халық айнасы» [5. 567] деген анықтама береді.

Ендігі жерде, тіл мен мәдениетті бір-бірінен ажырамас, тұтас бірліктер ретінде қарастырып, ол туралы ғалым З.К.Тарлановтың айтқан сөзіне талдасақ, «Оның тұжырымы бір-бірімен сабақтасып тұратын екі тармақты құрады. Яғни, біріншісі – тіл қатынас құралы ғана емес, өз ережелері мен заңдылықтары бар, сөйлеушінің әлеуметтік психологиясымен, мәдениет құрылымы мен типтерімен ортақ байланысы бар толыққанды әлем. Тілді мәдениеттен бөліп қарау мүмкін емес. Ал, екінші тұжырым – тіл мәдениетке қатысты салалардан алшақтап қалған жағдайда өз мәнін жоғалтып, дамуы бәсеңдейді» [6. 8] деп қорытады.

Тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуін сонымен қатар, «Тіл-Мәдениет-Қоғам» үштігінде олардың әртүрлі семиотикалық жүйелер екендігін ескере отырып, өте мұқият зерттеу қажет. Тіл мен мәдениет семиотикалық жүйелер бола отырып, олардың өзара ұқсастықтарының бар екендігін зерттеуші В.А.Маслова өз еңбегінде 1) мәдениет тіл сияқты адамның дүниетанымын бейнелейтін сана формасы; 2) мәдениет пен тіл өзара диалогта үндеседі; 3) мәдениет пен тіл тақырыбына жеке тұлға мен қоғам көзқарастары тәуелді; 4) нормативтілік қасиет – тіл мен мәдениетке ортақ; 5) тарих – мәдениет пен тілдің маңызды қасиеттерінің бірі; 6) «динамика мен статика» тіл мен мәдениет антиномиясына тән. Сонымен қатар, «тіл мен мәдениеттің өзара байланыстары: 1) коммуникативтік процесте; 2) онтогенезде (адамның тілдік қабілеттерін қалыптастыру); 3) филогенезде (адамның ру немесе тайпа және қоғамда қалыптасуы)» [7. 59-60] деп қорытады.

Осы пікірлерді қорытындылай отырып, мақала мақсатына жету былайша көзделеді. Тіл – халық мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші дәнекер. Әрбір ұлттың өзіне ғана тән ерекше салт-дәстүрінің сан ғасырлар бойы сақталуына тілдің атқарар қызметі шексіз. Тілді этникалық мәдениеттің формасы, ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі тұрғысынан

қарастыру «мәдениет» ұғымын нақтылаумен тығыз сабақтасып жатады. Мәдениет ұғымына берілген түсініктемелердің сан алуандылығы «Тіл-Мәдениет – Қоғам» үштігі негізінде пайда болған. Бұл үштіктің үшеуі өз бетінше бір-бір төбе. Тіл – адамзат баласының баға жетпес құнды сөйлеу құралы, мәдениет – әр ұлттың өзіне тән ерекше өмір сүру заңдылығы, қоғам – адамзаттың өзін-өзі тани алатын кеңістігі деп бір түйінге түйіп, «Тіл –Мәдениет – Қоғам» үштігін бір-бірімен тығыз байланыстыра отырып, өзара байланыстың сан алуан қырын зерттеуге мүмкіндік беретінін дәлелдейміз. Мысалға, сол мүмкіндіктердің бірі қыз балаға қатысты салт-дәстүрлерінің көптігі. Мақалада қазақ қызына ғана тән салт-дәстүрлер ерекшелігіне тоқталып, фразеологиялық тізбектерде мәні ашылады. Қазақ отбасында қыз баланың орны өзінше бір төбе. Қыз бала дүниеге келгеннен бастап, бойжетіп, ұзатылып өз ұясына қонғанша, үнемі ата-анасына, бауырлары мен туыстарына еркелеп, емін-еркін, құлдыраңдап өседі.

Талқылау

«Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» демекші заман ағымына қарай өмір сүру үрдісі өзгерседе салт-дәстүріміздің көнермейтіндігін еске алуға, ұлттық мұраны қайта жаңғырту арқылы олардың құнын арттыруға мүмкіндік береді. Келешек ұрпаққа қыз баланың қоғамдағы орнының керемет көрінісін көрсете отырып, оған қатысты салт –дәстүрлердің тарихын ашып, жан-жақты талдап, мерейін үстем етіп, мәдениеттің шыңына шығарып, көнерген дәстүрлермен салыстырып, көне мен жаңаны бір-бірінен алшақатпай белгілі бір деңгейін айқындау. «Тіл-Мәдениет-Қоғам» үштігіне сүйене отырып көне дәстүрлерді қайта жаңа үлгіде жаңғырту. Қазақ халқының әрбір отбасында өсіп келе жатқан қыз балаға қатысты дәстүрлерді қолданысқа енгізіп, шарықтап дамуына ықпал жасау.

Қазақ тілінде қыз баланың жасына және қоғамдағы орны мен әлеуметтік рөліне байланысты «әйел» тезаурасын түзетін қыз, бойжеткен, бибі, жар, қалыңдық, құрбы, қарындас, сіңілі,

әпке, тәте, келін, жеңге, жесір, келіншек, қатын, тоқал, ана, бәйбіше, ене, әже, кемпір, құдағи, құдаша, шеше т.б. сөздері паремиологиялық дүние бейнесінде «қыз – бойжеткен», «қыз – бибі», «қыз – құрбы», «қыз – әпке», «қыз – келін», «қыз – әйел», «қыз – жеңге», «қыз – ана» макро-фреймдік құрылымда сомдалатын «Әйел» образын кескіндеуге қатысады. Осы тұста, мысал ретінде академик Ә.Қайдардың қазақ тілінде «**қыз**» сөзіне берген түсіндірме сөздігіне сүйенер болсақ. «**Қыз-бозбала** – жас жігіт-желеңдер мен балғын қызкеліншектердің жиынтық аты; **қыз-желең** – көтеріңкі көңілді жас өспірім қыздардың жиыны; **қыз-келіншек** – қыз-қырқыны аралас жас әйелдердің жиыны; **қыз-қырқын** – жас қыздар мен ересек келіншектердің жиын тобы; **кәрі қыз** – жасы ұлғайса да тұрмысқа шықпай, оң жақта отырып қалған әйел кісі; «**кәрі қыз**» деген ұғымның өзі қазақ арасында өзгеріп отырғанын аңғару қиын емес. Егер бұдан ертеректе 13 пен 15 жастың арасы қыздың отау құратын шағы, одан асқаны «**кәрі**» деп елестелсе, қазіргі заманда қазақ қыздары 22-ден 25-ке дейін «**кәрі қыз**» атала қолмайды; **қайтып келген қыз** – тұрмысқа шығып, ерімен отаса алмай т.б. себептермен ата-анасының шаңырағына қайта оралған әйел; **өкіл қыз** – өздерінен тумаса да солардың перзенті міндетін уақытша атқарушы әйел баланың ата-ана орнына есептелетін кісілерге туыстық қатынасы; **сырғалы қыз** – құда түсіп, келісімге келгеннің белгісі ретінде құдағына сырға қадалып, не үкі тағылып қойылатын қалыңдық, кейде мұны «**үкілі қыз**» деп те атайды» [5.331-332]. Ал, С. Бизақов, Ә.Болғанбаев пен Ш.Дәулетқұловтың «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі» еңбегінде «**қыз**» сөзі былайша түсіндіріледі. **Қыз, қыз бала, әйел бала, қызалақ қарап., қырық жеті этногр. Әйел жынысты бала.** Есікті сықыр еткізіп ашып, талдырмаш қыз кірді (С.Сматаев). Оның үйіне әлгінде машинадан егде кісі және қыз баласы бар, екі адам түсі («Жетісу»). Жазға салым Хадиша қайтыс болғанда, артында бір еркек, бір *әйел баласы* қалған (М.Әуезов). Он үш жасар бойшаң *қызалақ* түнде бізге тағам дайындап берген (Ә.Сәрсенбаев). Үй иелері мен жеңген *қырықжеті* туды деп сүйінші

сұрады (Ауызекі тіл) [8. 387]. Сонымен қатар, Т.Жанұзақовтың «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі еңбегінде» – «**Қыз** 1. *Ұрғашы жынысты сәби, әйел бала.* 2. *Балигатқа толған қыз бала; бойжеткен*» [9. 550] деп ашады. Осы мысалдардан бір ғана «қыз» сөзінің жан-жақты түрленуі арқылы қазақ тілінің өте бай, кеңдәриядай екендігін ұғамыз.

Қазақтың дүние танымында әйелдің тілдік бейнесінің астары «қыз» образында жатыр. Зерттеуші Қ.Бөлеев өз еңбегінде қыздарды ажары мен сұлулығына қарай: «*әдемі қыз, көрікті қыз, шырайлы қыз, әсем қыз, сұлу қыз, ажарлы қыз, ару қыз*» деп топтастырды. Оларға жеке-жеке сипаттама берілсек:

- *әдемі қыз – баптен сөйлеп, биязы күліп, жақсы-жаманның жөнін біліп тұратын қыз;*
- *көрікті қыз – істесе үйіріп, сөйлесе бұйырып, баурап алатын, өзі бірден көзге түсе қоймайтын қыз;*
- *шырайлы қыз – көз жанары өткір, бет-әлпеті бал-бұл жанған, тәні шымыр қыз;*
- *әсем қыз – жүзі жылы, өзі ұяң, тәні нәзік қыз;*
- *сұлу қыз – сөзі өткір, өзі пысық, өрескелдікті сүймейтін, болмашыға пісіп күймейтін, келбетті қыз;*
- *ажарлы қыз – дене бітімі жинақы, тығыршықтай, сөзі салмақты, ісі тиянақты қыз;*
- *ару қыз – бет пішіні, дене мүсіні келіскен, сөзі сыпайы, өзі әдепті, сұңғақ бойлы, терең ойлы қыз* [10. 147].

Жер бетінде қаншама сан алуан ұлт, тайпа, халық өмір сүріп жатса, солардың тек өздеріне ғана тән, ерекшелігімен айқындалатын дәстүрі, әдебі, мәдениеті, салт-дәстүрінің бары анық. Дейтұрғанмен, сол бір ұлтты ұлт етіп, нақты бір ерекшеліктер заңдылығына жинақтап, тәуелді етіп тұрған тек салты мен дәстүрі десек артық болмас. Дәстүрсіз халық мүлдем жоқ. Әр басқа халықтың, елдің салт-дәстүр, әдеп-ғұрпында сол этностың төлтума болмысынан туындайтын ерекшеліктердің болмай қоймайтынын, кез келген жат жұрттың соған сай өмір сүруі қажеттігін қазақы дүние бейнесінің паремиологиялық фрагменті «*Әр елдің салты басқа, иті қара қасқа*» деп ашады [1. 189]. Салт пен дәстүр халықтың терең

санасында, танымында қалыптасқан мәдениет, тәрбие, мектеп, норма, мақсат, мұрат және сарқылмас кең байлық.

«Ұл өсіргенің – ұрпақ өсіргенің, қыз өсіргенің – ұлт өсіргенің» демекші қыз баланың осы өмірдегі ең үлкен мақсаты – өмірге ұрпақ әкелу, оны тәрбиелеп, ел қатарына қосу. Бүгінгі күні өмірге келген ұрпағымыз ертеңгі ұлт екендігін түсіне отырып, әйелдің алар міндетінің күшті, өте жауапты екендігін ұғамыз. Қыздарымыздың ана болу қадамдарының бір бөлігі салт-дәстүрмен сөзсіз сабақтасады. Қазақ халқының тек қыз баласына ғана тән, сонымен қатар, қазіргі күні қолданыстағы және ұмытылған кейбір дәстүр түрлерін ғалым С.Кенжеахметұлының «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» атты еңбегінен тізбектер болсақ, олар: «*қыз айттыру, қыз көру, қыз алып қашу, құда түсу, қалың мал, қыз қашыр, сәукеле кигізу, сүт ақы, қыз танысу, сыңсу, қыз ұзату, жар-жар, қоштасу, жасау, қыз көші, түйемұрындық, шаңырақ түйе*» [11]. Осыларға тоқталып, мәнін тереңірек аша түсер болсақ:

«Қыз айттыру» (дәстүр). Қазақ қызының өмір жолының алғашқы қадамына қамшы болып табылатын дәстүрлердің бастауы. Кез келген ата-ана ұлдарына қалыңдық іздеуді, сонау, ерте кезден бастайды. Сонымен қатар, келешек құдаларының текті, беделді, ауқатты, көрші отбасынан болуын арман етеді. Ұлы ержеткен ата-ана үнемі өздері қалаған отбасына әдейілеп барып, дастархан басында құдалық жайында әңгіме қозғайды. Міне, осы дәстүрді **«қыз айттыру»** дейді. Бұл дәстүрдің де өзіне лайықты заңдылықтар мен ережелері бар. Кейбір ата-аналар дүниеге келмеген балаларына да құдалас бола білген. Арине, оның нақты жауабы өмірге ұл мен қыздың келуіне орай шешіліп отырған. Бұл құдалықтың атын **«атастыру»** дейді. Келесі бір құдалық бесікте жатқан сәбилеріне жасалады, оны **«бесік құда»** дейді. Кейде қыз алысқан құдалар сол үйге өз қызын беру арқылы бір-бірімен құдаласып жатады, оны **«қарсы құда»** деп атайды. Құдалықтары бұрыннан жалғасып келе жатқан кісілер оны ары қарай жалғастырғалары келсе, оны **«сүйек жаңғырту»** деп атайды. Бұл дәстүрлердің барлығы екі жақты ата-а-

на мен ағайынның келісімімен жасалады. Ұл ержетіп, қыз бала бойжеткен кезде оларды отбасы етіп қосуды **«құда түсу»** дәстүрімен іске асырады. **«Қыз айттыру»** дәстүрі үлкендердің келісуімен, берген баталарымен, жастарға артқан сенім мен сыйластық негізінде жүзеге асады. Бұл дәстүр сонау байырға заманнан қазіргі күнге дейін өз құнын жоғалпаған дәстүрлердің бірі. **«Қыз айттыру» көне.** Оның терең мағынасы **«қызға құда түсті, атастырды, қызды алмақ болып уәде байласты»** деген ұғым түсініктер береді [11. 6]. **«Қыз айттыру»** деген бұрынғы уақытта болған нәрсе. Қазақ арасындағы аңызға қарағанда, қыз айттырудың мұндай тәртібі Есім ханның бұйрығы бойынша орындалған көрінеді (Ы.А.). Әжібайға бес жасында-ақ *қыз айттырып*, мал беріліп қойылған (С.Т.). **Атастырып қойды салт.көне.** *Екі жасты (қыз бен жігітті) бір-біріне айттырады.* Ақбала мен Еламанды жастайынан *атастырып қойған* еді (Ә.Н.) [12.57-368]. **Қыз айттырды – қызға құда түсті, сөйлесті..** **Айттыр** 1. *өзг.етіс* Айт-тыр. 2. *көне* Қызға сөз салып, құда түсу, атастыру. **Айттырулы көне** Айттырылып қойылған, атастырылған. **Айттырусыз көне** Әлі айттырылмаған, басы бос [9. 26-27, 550]. **Айттыру, атастыру, құда түсу.** *Ескі салт бойынша ұл мен қызды үйлендіру жолы, ата-ананың келісімі, ұйғарымы.* Қарағым, қалай болса халық заңы *Айттырып* кім де болса қыз алады («Айтыс»). Найментаймен құда болып, Әйкежаңды *атастырып* қойғанымды өзің білесің (М.Әуезов). Әкем әлдеқашан *құда түсіп*, құйрық жесіп қойған (З.Шүкіров) [8. 46]. **Қыз айттыру – жігіт әкесі қыз үйінің төріне қамысын іліп, «қызыңның қарғыбауына»** деп бір жорға байлатады. Бойжеткеге үкілі тақия, сырға, сақиналар сыйланады [13. 344]. Бұл дәстүр бүгінгі күнге дейін ел арасында қолданысты бар.

«Қыз көру» (салт). «Қызды ауылдың иті жатпас» демекші, әлдебір үйде әдемі, көрікті, жақсы қыз бар дегенді құлағы шалған жас жігіттер сол ауыл маңына келгіштегіш болады. Оның басты мақсаты **«қыз көру»** салтында жатыр. Кей кездері оны **«қыз таңдау»** деп те атайды. Кез келген жігіт өмірлік жарын осы салт аясында іздеп, үйленуі заңдылық.

Жастардың бір-бірімен танысып, білісуі үшін «бастаңғы» ұйымдастырылады. Онда жас жігіттер мен бойжеткен қыздар бірін-бірі өнер арқылы танып, сынап жатады. Өзара сөз байласып, бірін-бірі ұнатып жастар отау көтеру үшін құдалыққа кісі аттандырады. **Қыз көрді (қарады)** – ауыл аралап, қалыңдық іздеді [9. 550-551].

«Қыз алып қашу». Ата – бабамыздың өмір сүру салтында көнеден келе жатқан салт-дәстүрдің бірі. Халқымыздың дәстүрінде екі жас құда түсу арқылы отау көтереді. Дейтұрғанмен, өмірдің әртүрлі себептері мен ағымдарына орай кейбір жігіттер өмірлік жарын алып қашу салты арқылы жүзеге асырылды. Кейде бұл дәстүр екі жақтың келісімімен жасалса, ал кейде арты үлкен дауға ұласып жатады. Өйткені, қыз алып қашу процесінің өзі дәрекі әрекеттің бір тармағына жатады. Бұрынғы заманда қазақ қыздары ерте айттырылған. **Алып қашты.** Қызды жасырын, ата-анасына білдірмей, ертіп әкетті, ұрлады. Жас қыздың күйеу таңдап, жігіттің қатын тастап, сүйген қызды алып қашуы көбейген еді (М.Ә) [12. 39]. **Қыз алып қашты. көне** – қызды әке-шешесінің келісімінсіз зорлықпен алып кетті [9. 550-551]. Қазақ халқының дәстүрлер тарихынан белгілі жұптар бар. Олар осы аталған дәстүрдің құрбандары. Яғни, алып қашу арқылы отау құрғанымен, арты жақсылыққа апармаған. Олар: қос ғашықтар Қалқаман мен Мамыр, Еңлік пен Кебек, Абайдың бауыры Халиолла. Үлкендерден батасын, алғысын алмай жұптасқандарымен бақытты ғұмыр кешулері екіталай нәрсе болды. Қыз - жат жұрттық [14. 543] демекші бүгінгі күнде бұл дәстүр ел ішінде кеңінен тараған. Ол еліміздің оңтүстік және батыс өңірлерінде әлі де болса қолданысқа ие. Дейтұрғанмен, алып қашу процесі қыз бен жігіт арасында және олардың әке-шешелерінің келісімімен жүзеге асады. Қазақтың көптеген шаңырағы осы аталған дәстүр негізінде бой көтереді деп айтсақ артық болмас.

«Құда түсу» (дәстүр). Қыз ұзатып, келін түсіру дәстүрлерінің ішіндегі ең кереметінің бірі осы **«құда түсу»** дәстүрі. Бұл сонау ата-бабамыздың ертеден осы күнге дейін өз құнын

жоймай келе жатқан дәстүрлердің бірі. Үйінде бойжетіп отырған қызы бар үйге кез келген уақытта құда түсіп келуі қазақ отбасы үшін таңсық дүние емес. Әр қазақ құдасын Құдайындай сыйлайды. Олар өте сыйлы кісілер. Үлкендер келісімін берген күннен бастап **«құдалық»** кәделері басталады. Олардың түрлері: құда аттанар, құда тарту, ат байлар, құйрық-бауыр т.б. Құдалықты басқарып келетін кісіні **«бас құда»** деп атайды. Екі жастың әкелері бір-біріне **«бауыздау құда»** болады. Бұл дәстүр өте үлкен дәрежеде тойланады. Той берушілер барлық байлығын осы кәде жолында шашады [11.11]. «Құда болдым дедің бе, құйрықбауыр жедің бе?» [14. 511] демекші бұл дәстүрді одан ары аша түссер болсақ, әртүрлі сөздіктерде былайша түрленеді. **Құда болуға (түсуге) келді. Құда деспек, Құдалап келді тарихи.** Қыз алысып, жекжат болды. Күләйменді әкесі малға сатқан, Құдай деп, құда болып бата айтқан. Әрі малды көбейту мал үстіне, Әрі би боламын деп қарғыс айтқан (С.Т) [12. 355]. **Құда** – Ерлі-зайыпты адамдардың ата-аналары, ересек туған-туыстары бір-біріне құда болып саналады. **Құда болды** – қыз беріп, қыз алысты. **Құда тарту этн.** – қыз ұзату тойында құдаларды суға сүйреп, ырым алатын ойын-сауық. **Құда түсті** – а) біреудің қызын баласына айттыра барды; ә) бір нәрсені қолқалап сұрады [9. 532]. **Құдандалы, жекжат, іліктес, сүйекшатыс, ілік-шатыс.** Қыз алысып, қыз беріскен, қарым-қатынас. Бұлар – алты атасынан бермен қарай құдандалы жекжат (Б.Тәжібаев). Құдағи, құдандалы жекжатпыз, асықпаңыз, жездем ойлансың, - деп Қадишаны қайта отырғызды («Жұлдыз»). Бір *іліктесіме* жетектетіп жібердім бүгін (М.Әуезов). Қарияның менің әкеме еріден қосылатын *сүйекшатыс* жақындығы да бар екен («Мәдениет және тұрмыс»). Біздің үйдегі жеңгең жағынан *ілік-шатысымыз* бар (Ү.Бағаев) [8. 380]. Құда түсу кезінде жігіттің ағайын тумалары құдалық салты бойынша қалыңдықтың ауылына барады. Сойылған малдың қанына қолдарын батырып, «бауыздау құдалары» атанады, құдалықты бұзбауға сөз байласады. Осы кездесуде құйрық-бауыр тартылып, бауыр жеу және ұн жағу т.б салт-жоралғылары жасалады [13. 335].

«Қалың мал» (дәстүр, кәде). Бұл көне дәстүрлердің бірі. Кез келген жігіт үйленер алдында болашақ жарына «қалың мал» құнын төлеген. Бұл ата-баба заңдылығы. Қалың малдың көлемі мен мөлшері отбасының әлеуметтік жағдайына қарай әртүрлі болып келеді. Кедейлер үшін ол бес-алты мал көлемінде келісілсе, дәулетті, бай кісілер арасындағы қалың мал құны жүздеген, мыңдаған жылқымен есептелінген. Атағы жер жарған бай кісілер «қалың мал» үстіне қосымша «бес жақсы» (бес түйе, бір жетім қыз (күн), «аяқ жақсы» (үш түйеге қоса «еркек жетім (құл)» деп аталатын кәдені жасаған. Сонымен қатар, қалың малдың «қырық жеті», «отыз жетінің бүтіні», «отыз жеті», «отыз жетінің жартысы», «жақсылы отыз жеті», «жиырма жеті», «он жеті», «домалақ қалың мал», «домалақ бата» сияқты түрлері болған. Бұл дәстүр аясында басқада көптеген кішігірім *той малы, сүт ақысы, күйеу апаратын ілу, өлтіріге апаратын мал* т.б көптеген бағалы кәде, жоралар да бар. Ұзатылатын қалыңдықтың артынан берілетін «жасауы» да осы қалың мал мөлшерімен есептеледі. Ел арасында оның нақты құны белгіленбеген, ол әркімнің шамасына қарай жасалады [11. 14]. «Қалың мал» көне Қыздың ағайын-туысқанына құдалық үшін күйеу тарапынан төленетін мал (зат). Өзім аламын деп, қыздың бағын байлап отырғаны болмаса, *қалың малын* да түгелдемей, ұран да келе алмай, өз әйелінен аса да алмай, шырмалып жүр екен (М.Ә) [12. 311-312]. **Қалың** - *Айттырылған қалыңдық үшін төленетін мал-мүлік* [9. 466]. «Қалыңсыз күйеу болса да, жасаусыз қыз болмайды» [14. 412] дегендей қалың мал алу, беру дәстүрі еліміздің барлық өңірінде кең тараған, ұмыт болмаған, кішіден үлкенге дейін оның астарын түсіне алатын бірден-бір құнды кәде. Оның мәртебесі өте жоғары. Қалың мал құны әр өңірдің өзіндік ерекшелеріне қарай әртүрлі болып өзгеріп отырады. Көбіне той жасаушының әлеуметтік жағдайымен байланысты.

«Қыз қашар» (дәстүр). Бұл өте көне дәстүрлердің бірі. Күйеу жігіттің келуін «ұрын келу» деп атаса, қыздың атастырылған жігітін көруді «қыз қашар» деп атайды. Бұл дәстүр жас жігіттер мен бойжеткен қыздарға арналған

жиын тойда яғни «ұрын тойында» жасалады. Ұрын тойда жастар көңіл көтеріп, ән айтып, бір-бірінің көңілдерін көтеріп, думандатады. Жеңгелер жағы күйеу баладан «қол ұстатар», «шаш сипатар», «қыз құшақтар», «арқа жатар», «көрпе қимылдатар» сияқты кәделер үшін сыйлықтар алып, мәре-сәре болады. Олар екі жастың бір-бірімен тілдесіп, қалыңдық жігітке болашақ жары ретінде орамалын ұсынатын кезде осы дәстүрде іске асады. Осы «ұрын той» думаны кезінде жастар сөз байласады. Ал, егерде әлде бір себептермен жігіт келіссөзді бұзатын болса, оның арты үлкен дауға айналады. Келісімді қалыңдық бұзар болса, қалың мал түгелімен қайтарылып, қосымша айыппұл салынады [11. 20]. «Қыз қашар» көне. Қызды қашыруға себеп болған кісілерге күйеудің беретін сыйлығы. Осы кеш сол ауылда бір үй әзірленеді. Оның қожасына күйеу ат мінгізуге, не шапан жабуға тиіс, бұл кәде «қыз қашар» деп аталады (Б.А) [12. 369].

«Сәукеле кигізу» (салт). Кез келген қазақ қызы үшін сәукеле киіп ұзатылу арман тектес. Бұл салт-дәстүрдің орны өте ерекше және мағынасы тереңде жатыр. Сәукеле қыздардың бас киімдерінің бір түрі. Бас киімді қадір тұтқан ата-бабамыз үшін кез келген бас киім қасиетті. Оны адамның жоғары әлемімен байланыстырып, жоғары жақта ұстаған. Сәукеле қыз баланың жастық шақты артқа тастап, отбасылық өмірге келуінің куәгері болатын киімнің бір түрі. Сәукелені дайындап, келіншекке кигізудің өзі бір ғанибет десе болады. Бұл дәстүр көпшілік алдында, той думан үстінде, шашу шашылып, бата жасалып, ән-күй айтылып жасалады. Той-думан қаншалықты жоғары дәрежеде ұйымдастырылса, сәукеленің де құны соншалықты қымбатқа түспек. Оны киген кез келген қалыңдықтың сұлулығы арта түсері хақ. Сәукеле киген қалыңдыққа келген қонақтар көрімдік береді. Сәукелені алдын-ала арнайы беделді тігіншілер тігеді. Ол тек бас киім ғана емес, сонымен қатар, қазақ халқының мәдениеті, тұнып тұрған өнер туындысы. Ол өте бағалы мақпал, барқыт сияқты маталардан тігіліп, інжу-маржан, гауһар, лағыл, жақұт, алтын, күміс сияқты асыл тастармен безендіріледі.

Атастырылмаған, ата-анасының оң босағасында отырған қыз балаға сәукеле кигізбейді. Бүгінгі күнде аталған салт ел ішінде қыз ұзату тойларында өте кеңінен қолданылады. Қызға сәукеле кигізу процесіне ата-ана үлкен мән беріп қарайды. Кей жағдайларда, оның сәтті өтуіне өнер жұлдыздары да қатысады. Арине, бұл бүгінгінің тіршілігі [11. 21]. Осы тұста, ғалым Ж.Манкееваның «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негізі» атты еңбегінде «Сәукеле» – ұлттық бас киімдер ішінде ең бағалы, ерекше салтанатқа арнайы тігетін, қалыңдық елінің байлығын танытатын, материалдық сипаттағы ғана ұйым емес, сонымен бірге, елдің әлеуметтік тұрмысынан хабардар ететін, халқымыздың мәдени өмірінен елес беретін және жұртымыздың әсемдік әлеміндегі эстетикалық талғамын көрсететін, әйел адамның әлеуметтік өміріндегі орны мен жас ерекшелігін танытатын сәндігімен, байлығымен ерекшеленетін бас киім деп суреттейді [15. 202]. Ал, Е.Жанпейісовтың «Этнокультурная лексика казахского языка» атты еңбегінде «сәукеле» сөзін былайша талдап өткен. Сәукеле сөзінің әр түрлі тілдерге қатысы бар, «сау (sau)», жалпы түркі тіліне жатса, «күла (күлә-кела-келе)» сөзі парсы тілінен келген. «Сәу» сөзінің өзі «бүтін, тұтас, бөле-жармай» деген мағынаны білдірсе, ал бас киімнің атауы ретінде «келе» компоненті оның негізгі пошыманың конусы мен ұзындығына байланысты айтылған» [16.9]. Академик Ә. Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» еңбегінде «Сәукеле» мағынасын былайша аша түседі: «қыздардың ұзатыларда, келін болып түсерде киіп, тұңғыш баласын туғанға дейін киетін көп әшекейлі, қымбат бағалы, сәнді бас киім. Жұқа ақ киізден сырылып тігіліп, сырты қызыл шұғамен тысталады. Қымбат бағалы аң терісімен әдіптеліп, алтын, күміс, моншақ әшекейлер тағылады. Жоғары жағы жіңішкеріп, төбесіне үкі қадалады. Тірсекке түсетін асыл тасты, оқалы бау тігіліп, бетті көлегейлейтін желекті болады» [13. 265]. Осы берілген анықтамалардың барлығында «сәукеленің» өте құнды бас киім екендігінің дәлелін көреміз.

«Сүт ақы» (кәде). «Анасын көріп қызыл ал» деген мақал негізінде кез келген қыз бала-

ны инабатты, ибалы, болашақ ана, күйеуіне қамқор және үй шаруасына ыңғайлы етіп анасы тәрбиелейді. Анасынан алған тәлім-тәрбиесін келін болған елінде жалғастырады. Осындай үлкен мектептен өткен келін барған жеріне тастай батып, судай сіңері анық. Міне бұл кәде ұзатылатын қыздың анасына жасалатын құрмет, сый. Аналар үшін бұл кәдені иелену аса үлкен құрметпен тең [11. 26]. «Сүт ақы» күйеу баланың енесіне (қыздың шешесіне) тарататын сыйы [12. 478]. «Сүтақы» – күйеу баланың қыз шешесіне беретін сыйы [9. 753]. Бұл кәде бүгінгі күнге дейін қолданыста бар.

«Қыз танысу» (дәстүр). Атастырылған қыз ұзату тойына дейін жеңгесімен берге ағайын, туған-туысқанарына қонаққа барып, қоштасады. Бұл дәстүрді «қыз танысу» деп атайды. Қыздың туыстары оны төрге шығарып, күтіп, сый-сыйапаттарын беріп шығарып салады. Бұл дәстүр ел арасында кең тараған, өз құнын жоя қоймағандардың бірі деуге болады [11. 27]. «Қыз танысу» Қыздың ұзатыларда туған-туысқандарын қыдырып, төркіндеуі. Қыздың туған-туысқандарымен қоштасуын қазақта «қыз танысу» деп айтады (ҚССРТ) [12. 370]. **Қызтанысу этн.** – ұзатылатын қыздың ел-жұртымен қоштасу салты. **Көрпеқимылдатар этн.** Ескі дәстүр бойынша күйеу жігіттің қалыңдығымен алғаш кездесуіне қайып жұрт жеңгелеріне беретін ырым-жоралғысы. **Шаш сипатар этн.** – алғаш рет есік көре келген күйеуге қатысты рәсім [9. 417, 551, 908]. **Қыз танысу (дәстүр).** Ұзатылған қыз өз босағасынан аттанбас бұрын, жеңгесін ерітіп туған-туысқандарын аралап, көрінеді. Мұны дәстүр бойынша «қыз танысу» деп атайды [13. 335].

«Сыңсу» (салт). Сыңсу айту тұрмыс-салт жырларының ішіндегі ең танымал салттың бірі. Ұзатылып бара жатқан қыз ағайын, туған-туыстары, бауырлары мен ата-анасымен әндетіп қоштасады. Бұл әнде қимастық сезімін, бауырларына деген махаббатын білдіреді. Көне заманда қыз ұзатылғаннан кейін бірнеше жылдар бойы төркініне келе алмайтын болған. Сондықтан өз мұңын сыңсу айтумен жеткізген. Бұл салттың мәдени, адамгершілік және әдептілік тұстары өте көп [11. 27]. **Сыңсу көне** Ұзатылған қыздың ел-жұртымен

қоштасардағы айтатын жыры; тұрмыс-салт дәстүрлерінің бірі [9. 763]. **Сыңсу** – қазақтың салт-дәстүріндегі ертеден келе жатқан өзіндік әдеттерінің бірі. Бұл – бойжеткен қыздың ұзатылып, «жат жұртқа» келін боп бара жатып, өзінің ата-ана, бауыр-туған, ел-жұртымен жылап әнге салып дауыстап тұрып, сөздерін айтып қоштасуы. Ертеректе міндетті түрде болатын «сыңсу» әдетінің адамгершілік, тәрбиелік мәні де зор болған [13. 341]. Аталған салт ел арасында кеңінен тарап, қайта жаңғыру үстінде. Сыңсуды ұзатылып бара жатқан қыз өзі не болмаса елге танымал әншілермен орындау әдетке айналып келеді. Ол да болса ескінің жаңаруымен тепе-тең.

«**Қыз ұзату**» (салт, той). Кез келген ата-ана өмірге әкелген перзенттерінің үйленіп, ұзатылып отау тіккенін көру парыз деп біледі. Қыз ұзату үлкен кәде-қаумет жасалатын, басқа елмен құдандалы болатын, өрісінің кеңейгендігін білетін думанды-той. Қыздың ата-анасы үшін жүректерін жылатып, қақ жаратын кезең. Бұл тойда құдалар (тақ санмен), күйеу жігіт, оның досы күйеу жолдас келеді. Құдалықтың көптеген кәде-жоралары жасалады. Жақын ағайындар жаңа құдаларды бірінен соң бірі қонаққа шақырады. Дәстүр бойынша бұл думан таң атқанша жалғасып, күн шыға қызды ұзатады. Осы тойда қыз «сыңсу» айтады [11. 28]. **Қыз ұзату**. Қызды күйеуге берді, қызды барар жеріне шығарып салды. Осы қалада қыз ұзатылса, келін түссе... Абайдың сөзі, әндері көп жерде-ақ айтыла, атала жүретін (М.Ә). Еріксіз малға сатып, ел асып бара жатқан қыз ұзатылар алдында ай бойы ағайын-тумамен қоштасып, сыңсыды (А.Ж) [12. 370]. **Қыз ұзату** – қызды күйеуге берді, құтты орнына қондырды. [9. 551]. **Ұзат 1.өзг.етіс** Ұза-т. 2. Қалыптасқан дәстүр бойынша түрлі ырым-сырым жасап, қызды күйеуге беру. **Ұзатар көбейсін** – қыз ұзату тойының үстіне келген адамның айтатын тілегі [9. 855]. **Қыз ұзату** (салт, той) – үлкен той, думан әрі қызық. Қыз ұзатыларда **ат байлар, құдай жолы, шаңырақ көтерер, уық шаншыр, туырлық жабар, түндік жабар, үзік жабар, бау-шу байлар, отау байғазысы** кәделері жасалады. Қыз бен жігіт ақ отауда кездеседі. Некесі қиылады. Түрлі ойын-сауық өт-

кізіледі [13. 336]. «Қыз қонақ, теңін тап та, тегін бер» [14. 543] демекші қыз ұзату салты осы мақалада қамтылған барлық салт-дәстүрлер мен кәделердің бастамасы. Әрбір қыз өсіріп отырған ата-ананың қызын ұзатып, өрісін кеңейтуі парызы, ел алдындағы борышы.

«**Жар-жар**» (зұрып). Отау құру тойында жастарға арнап айтылатын той әні. Бұл ән ел арасында өте танымал, кез келген қазақ жатқа біледі десек артық емес. Ұзатылған қызды барар жері құшақ жайып қарсы алатындығы, барлығының келінді жақсы көретіндігі әуенмен айтылады. Осы өлеңнің аты «Жар-жар» деп аталады. Бұл өлеңді бүкіл халық жатқа біледі. **Аушадияр** (дәстүр). Бұл дәстүрлі өлең, жыр той үстінде айтылады. Ол ерекше ұлттық тәрбиелік маңызы бар көркем шығарма болып табылады. Бұл дәстүрді тауып, өмірге қайта әкелген жазушы Уахап Қыдырханов. Аушадияр жыр үлгісін шетел қазақтары сақтап, осы күнге жеткізіп отыр. Дейтұрғанмен, бұл дәстүр елімізде әліде болса халық арасында қолданыста жоқтың қасы. [11. 30-31]. **Аушадияр көне**. Ұзатылғалы отырған қызға үгіт, насихат түрінде айтылатын жыр [9. 71]. **Жар-жар** - үйлену тойында айтылатын тұрмыс-салт жыры. - Бике, дәл жар-жар бастардай, қайда киініп жатырсың? - Ғабдулла Бикенді көптен көрмеген еді (З.Шашкин. Таңд.шығ., 214) [17.302]. «**Жар-жар**» –үйлену салтына байланысты айтылатын тұрмыс-салт жырларының бірі. Ұзатылатын қыз тойында қыз-жігіттер тобы келетін қыздың көңілін аулау, бара жатқан жағында да осындай жақсы жайлар болатынын өлеңмен айтысады. Сонымен бірге, олар қыздың бақытты, елге сыйлы болуына тілектестік білдіреді. Мұның бәрі өлеңмен айтылатындықтан «Жар-жар» қызықты болып есептеледі. Ауыз әдебиетінде «Жар-жар» айттысы оның жалғасы «Ау-жар» айтыстары бар» [13. 343] деп талдайды.

«**Қоштасу**» (салт). Ата-анасының шаңырағынан ұзатылатын бойжеткен ағайын-туыс, көрші-қолаң, дос-жарандармен қоштасу жырын айтады. Бұл жырда қыз өз ойын шебер шешендікпен жеткізеді. Бұл қазақ халқының сөзге шеберлігін, сөздің мағынасын сонау тереңнен ұғатындығын көрсетеді. Бұл салттың тәрбиелік маңызы өте зор [11. 34].

«Жасау» (салт). Ата-ана тарапынан ұзатылатын қыздың артынан берілетін дүние-мүлкіті «жасау» дейміз. Кез келген ата-ана қыздың жасауына аса мән берген. Ел аузында «жасауды алты жастан жинасаң асады, жеті жастан жинасаң жетеді» деген түсінік бар. Жасау құрамында үйге керекті барлық жиһаздар, көрпе-төсек, жастық, ыдыс-аяқ, киім-кешек, кілем, текемет, сандық және жақсы, қымбат бұйымдар болады [11. 35]. **Жасау 1. этн.** Ұзатылатын қызға берілетін мүлік, дүниелік. **2. Үй ішіндегі жиһаз, дүние.** **Жасауына қарай қалыңы** – берілетін дүние-мүлкіне лайық қалыңы [9. 277]. **Жасау-жабдық** – ұзатылған қызға ата-анасы, туыстары тарапынан сыйға тартылатын үй-тұрмысына қажетті жиһаздар, қымбат заттар, киім-кешек, құрал-жабдықтар жиынтығы. Үй ішіне бөтен жасау-жабдық кіргізбей, тек кілем ғана жайғызды (М.Әуезов, Абай жолы, 1, 136) [13. 154]. **Жасаудың түрлері.** **Ақ отау** – екі үзік, екі туырлық, бір түндік. Ескеру: ақ отаудың шаңырағын, керегесін және жарты жабық киізін күйеу әкеледі. **Көрпе-төсек** – ағаш төсек, құс төсек, көрпежастық, төсеніш көрпе, құрақ көрпе, жүкаяқ, сандық. Төсеніш – бірнеше текемет, сырмақ, откиіз, 4-5 алаша, 2-3 кілем. **Киім-кешек** – әрқайсысы тоғыздан тон, ішік, көйлек-көншек, шапан, қамзол, бешпент. **Ыдыс-аяқ** – қазан-ошақ, құман, саба, торсық, шара, шөміш, ожау, қасық, тостаған, күбі, келі, кебеже, саптаяқ, тегене. **Қару-жарақ** – ер-тұрман, сабақ, берік сауыт қалқан, берен қылыш. Көлік және сауын малы – әр түлік бойынша бір-бір мал. **Сойыс малы** – сойыс малы бір, бір жарым жылға мөлшерлеп беріледі. **Құрал-жабдықтар** – балта, шот, балға, ара, егеу, ине, біз, үскі, талыс және т.б [13. 337-338].

«**Қыз көші**» (салт). Құдалық тойы біткеннен кейін қызды ағайын-туыстары, аға-жеңгелері ұзатуға кіріседі. Қазақтың ырымы бойынша ұзатылатын қызға артына қарауға тыйым салады. Ең алдымен құдалар жүреді, одан кейін «шаңырақ түйе» яғни (қыз көші) жүреді. Күйеу баламен ұзату тойына еріп барған жігіт достары көштің соңында жүріп отырады. «Қыз көші» қыздың ауылынан шыққаннан кейін «келіншек көші» атауына

айналады. Келіншек көшінің елге жақындағанын аңғарған ауыл-аймақ адамдары оның алдынан шығып «түйемұрындық» кәдесін сұрасып, көшке баталарын беріп жатады [11. 38].

«**Түйемұрындық**» (ғұрып). Бұл көне ғұрыптардың бірі. Келіншек көші өткен ауыл тұрғындары, жастары мен әйелдері көшке баталарын беріп, түйемұрындық кәдесін сұрайды [11. 39]. **Түйемұрындық бер!** салт. Ұзатылып келе жатқан қыздан бұйым сұрағанда айтылады. Баяғыда ұзатылып келе жатқан қыздың алдынан шығып қалған бір түйелі кісі, түйесінен түсе қап, мұрындықты бұйдасын көріп, «жол тосар түйемұрындығымды бер» – депті-міс, содан осы ырым-салт қалыпты (АТ) [12. 525]. Түйемұрындық (ғұрып) – ұзатылып келе жатқан қыз жолында отырған ауылдың адамдары керуен атының ноктасынан, не түйесінің бұйдасынан ұстап тұрып сұрайтын кәдесі. Қыз анасы оларға кәдесін жасайды, кәде алған риза болып, бақыт тілеп батасын беріп, жол болсын айтады [13. 338].

«**Шаңырақ түйе**» (дәстүр). Ұзатылып келе жатқан қыздың және оның жанындағы әйелдердің (шешесі, жеңгесі, сіңілісі т.б) мініп келе жатқан көлігі «шаңырақ түйе» деп аталады. Бұған жолшыбай кездескен немесе бөтен адам мінбейді. Ертедегі салт бойынша көште үлкен шаңырақ жеке түйеге артылып, алдымен жүреді екен. Оған адам мінбейді, атпен жетелейді, «шаңырақ түйе» деген сөз осыдан шыққан [11. 39]. Қыз көші, түйемұрындық және шаңырақ түйе салт-дәстүрлері мен ғұрыптары қазіргі күні ұмыт болып, мүлдем қолданыста жоқ шаралар деуге әбден болады. Оның бастапқы себептері мал соңында көшпенді болған қазақтардың отырықшы елге айналуымен байланысты деп ойлаймын.

Нәтижелер

Қазақ халқының қыз баласына қатысты ерекше салт-дәстүрлердің құндылығы өз тұғырынан түспеуі тиіс. «Сөздің астары – ойдың асқары» демекші қазақтың бүкіл даласы осы күнге дейінгі айтылып келе жатқан нақыл сөздері мен өсиеттерінде басы артық сөз бол-

мағандығын ескерсек, қыз балаға қатысты дәстүрде айтылған әрбір сөздерінің босқа қолданылмағаны анық. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ халқының басқа ұлттан айырмашылығы аталған дәстүрлерін сақтап, қыз мерейін жоғары ұстап, оның қадірлі болуы басты міндетіміз болмақ. Әрбір дәстүр арқылы ата-бабамыз тәрбие беру, қонақ күту, үлкен мен кішіні сыйлау, сыйлық беру-алу, отбасы құндылығы, ата-ана мен ағайын туыс қадірін білу, бала тәрбиесі сияқты салттарды сақтай білген. Оларды ұрпақтан ұрпаққа, біздерге жеткізіп, аманат етті. Қызды ұзатар кезінде қолданылатын дәстүрлердің әрқайсысының астарында терең мән жатыр. Келешек ұрпақтың бойынан қазақ рухын көтеру мақсатында аталған дәстүрлерді жаңғыртып, негізгі идеясын сақтап, жиі қолданысқа енгізе білуіміз қажет. Дейтұрғанмен, бүгінгі күні «**қыз ұзатып**», «**сырға салу**» дәстүрлері аясында көптеген салт-дәстүрлер қайта жаңа үлгіде қолданып жатқандығы белгілі. Көптеген жастарымыз бен үлкен аға-апаларымыз той кезінде ұлттық киімдер мен зергерлік әшекейлерді көбірек қолдана бастады. Бүгінгі күннің тойларында неғұрлым қазақтың көне салт-дәстүрлер көп қолданысқа енсе, сол тойдың дәрежесі жоғары болып, мәртебесі өсіп, жаңаша бір үрдіс қалыптасып келеді. Ол да болса ескінің жаңарып, жастарымыздың ұлттық құндылыққа деген қызығушылық сезімінің артуы деуге болады. Қазақтың қыздарға арналған салт-дәстүрлерін қайта жаңғырту мақсатында олардың тілдегі бейнесін төмендегідей етіп түйіндеп, қорытындылауға болды.

Қорытынды

Мақалада қазақ халқының қарабайыр санасында «Тіл –Мәдениет –Қоғам» контексінде салт-дәстүр өзінше ерекшеленіп, мәдени-ұлттық құндылықтар деңгейін көтеретін адамның рухани іс-әрекетінің, танымының, болмысының нәтижесін береді. Салт-дәстүр құрамында халықтың рухы мен ділін танытатын, эпостың өз өміріне ғана тән мәдени тұрақтылықты сақтайтын тұтастық бар. Әр халықтың дүние бейнесінде өзге ешбір ұлтта кездесе бермейтін, тек сол халықтың төлтума этникалық мәдениетіне, дәстүріне, тіліне тән жүйелі білім қалыптасады. Сол білім арқылы ұлттың салты мен дәстүрі, тілі, мәдениеті қоғамдық дамудың белгілі бір кезеңдерінде қайтадан жаңарып отырады. Оларды халық санасына жеткізу жолдары: болашақ ұрпақты тәрбиелеу кезінде қазақ халқының ескі салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптардың маңызы мен мәнін ашып, жеткізу; келешек ұрпақтың қыз балаға деген көзқарасы мен құрметі, оларға деген қадірін артыру; қазақтың ғасырлар бойы жинақталып, ұмыт болмай келе жатқан салт-дәстүрлерін сақтап, оны ары қарай дамытып, қолданысқа енгізу; көне салт-дәстүрлер арқылы өткен тарихтың қайта жаңғырту, оның қыр-сырларын ашу; ұлт үшін тіл мен дәстүрдің ажырамас біртұтас екендігін насихаттау; кез келген салт-дәстүрдің мәні ана тілдің мәртебесінде екендігін ұғыну; тіл, мәдениет және қоғам бірін-бірі үнемі толықтыра отырып қана ұмытылмас нәтижеге қол жеткізе алатынымызды насихаттау.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Сағидолда Г.С. Түркі-моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері. – Астана: «Сарыарқа» баспасы, 2011. – 304 бет - кітап
2. Ата-баба дәстүрі жас ұрпаққа аманат. Әдістемелік құрал. – Редакциялық алқа мүшелері: Ш.Қ.Қажығалиева, С.Ғаббасов, Ж.Қ.Боқанова, Ж.К.Кәрімова. Р.А.Абраева. Астана: «Шикила және К» ЖШС, 2013. – 40 б. – қазақ тілінде - әдістемелік құрал
3. Тер-Минасова С.Г. Тіл және мәдениетаралық коммуникация. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 320 бет - кітап
4. Толстой Н.И. Язык и народная культура. Очерки по славянской мифологии и этнолингвистике. – М.: Индрик, 1995. 466 б – кітап

5. Қайдар Әбдуәли Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Адам. – Алматы: Дайк-Пресс, 2009. Т. 1. – 784 б. – кітап
6. Тарланов З.К. Язык. Этнос. Время. Очерки по русскому и общему языкознанию. – Петрозаводск: Изд-во Петрозаводского гос. ун-та, 1993. – кітап
7. Маслова В.А. Лингвокультурология: учеб.пособие для студ.высш. учеб. заведений. – 4-е изд., стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2010. – 208 с – кітап
8. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі/ Құраст.С.Бизақов, Ә.Болғанбаев, Ш.Дәулетқұлов – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 720 бет. – сөздік
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б. – сөздік
10. Бөлеев Қалдыбек. «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау». Алматы «Нұрлы әлем». 2004 жыл – оқулық
11. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы: «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2010. – 312 бет, суретті. – кітап
12. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977 ж. 712 б. – сөздік
13. Қайдар Әбдуәли. Қазақтар ата тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік/ Ә.Қайдар. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. Т.2: Қоғам. – 2013. – 728 бет. – кітап
14. Мерей Шәріпханұлы/ Қазақтың мақалмәтелдері./ Үш томдық. – Астана: «Мастер По» ЖШС, 2011. – 574 б. – кітап
15. Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелелі. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014. – 640 бет. – кітап
16. Жанпеисов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Ауэзова). – Алма-Ата: Наука, 1989. – 288 с. – кітап
17. Қайдар Әбдуәли. Қазақ тіліндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. – 456 бет. – кітап

Г. Абдимаулен

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Казахстан, г. Нур-Султан

Отражение традиций и обычаев казахской девушки в контексте «Язык-Культура-Общество»

Аннотация. В статье освещены особенности обычаев и традиций казахского народа, посвященных девушке. Характер национальной идеи девушки, зафиксированной во фразеологических фрагментах картины мира казахского народа, проиллюстрирован в контексте «Язык-Культура-Общество». Цель статьи - умело познакомить будущие поколения с отношением казахского народа к традициям, их ценностям с помощью фразеологических выражений. В любой казахской семье девочка растет свободной и беззаботной. Природа девушек очень нежна, очаровательна и красива. Девочки вырастают с такими хорошими качествами благодаря традициям и обычаям. Родители с раннего возраста учили своих дочерей быть умными, находчивыми, спокойными и терпеливыми. Они объяснили, что эти качества помогают им достичь больших успехов в будущей жизни. Казахи воспринимали своих дочерей как послов, связывающих две страны. Замужняя девушка отражает свою страну через свой характер и воспитание, поэтому казахи уделяли большое внимание воспитанию своих дочерей. Долг и главная цель каждого родителя - выдать свою дочь замуж с честью за любимого человека, когда она достигнет соответствующего возраста. При достижении этих целей учитывается, что все принимаемые действия не выходят за рамки обычаев и традиций. Исследование направлено на более глубокое раскрытие повседневных и забытых традиций казахского народа в отношении девушек. Фразеологические обороты характеризуют душевную красоту и достоинство девушки.

Ключевые слова: традиция, обычай, фразеологический фрагмент, язык, культура, концепт, этнос, лингвокультурология.

G. Abdimaulen

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Nur-Sultan

Reflection of the traditions and customs of the Kazakh girl in the context of «Language-Culture-Society»

Annotation. The article highlights the features of the customs and traditions of the Kazakh people, dedicated to the girl. The character of the national idea of the girl, recorded in the phraseological fragments of the worldview of the Kazakh people, is illustrated in the context of «Language-Culture-Society». The purpose of the article is to skillfully acquaint future generations with the attitude of the Kazakh people to traditions and their values using phraseological expressions. A girl grows up free and carefree in any Kazakh family. The nature of girls is very gentle, charming, and beautiful. Girls grow up with such good qualities thanks to traditions and customs. Parents taught their daughters from an early age to be smart, resourceful, calm and patient. They explained that these qualities help them achieve great success in their future life. Kazakhs perceived their daughters as ambassadors connecting the two countries. A married girl reflects her country through her character and upbringing, so the Kazakhs paid great attention to the upbringing of their daughters. The duty and main goal of every parent are to marry their daughter with honor to a loved one when she reaches the appropriate age. It is taken into account that all actions taken do not go beyond the framework of customs and traditions in achieving these goals. The research is aimed at a deeper disclosure of everyday and forgotten traditions of the Kazakh people in relation to girls. Phraseological turns of phrase characterize the spiritual beauty and dignity of a girl.

Keywords: tradition, customs, phraseological fragment, language, culture, concept, ethnos, linguo-cultural studies.

References

1. Saridolda G.S. Түркі-моңғол дүние бейнесінің тилдік фрагменттері [Linguistic fragments of the turk-mongol world image]. – Astana: «Saryarka» baspasy. 2011. – 304 бет - kitap
2. Ata-baba дәстүрі zhas ұрпаққа аманат [Ancestral traditions are passed on to the younger generation]. Әдістемелік құрал. – Редакциялық алқа мүшелері: Ш.Қ.Қазығалиева, С.Фаббасов, З.Қ.Боқанова, З.Қ.Кәрімова. R.A.Abraeva. Astana: «SHikula zhәne K» ZHSHS, 2013. – 40 б. – қазақ тілінде - әдістемелік құрал
3. Ter-Minasova S.G. Til zhәne мәдениетаралық kommunikaciya [Language and intercultural communication]. – Almaty: Ұлттық аударма byurosy, 2018 zhyl – 320 бет - kitap
4. Tolstoj N.I. YAzyk i narodnaya kul'tura [Language and folk culture]. Ocherki po slavyanskoj mifologii i etnolingvistike. – M.: Indrik, 1995. 466 b – kitap
5. Қайдар Әбдуәлі Қазақтар ана тили әлемінде [Kazakhs in the world of the native tongue] (etnolingvistikalық sözdik) Adam. – Almaty: Dajk-Press, 2009. T. 1. – 784 б. – kitap
6. Tarlanov Z.K. YAzyk. Etnos. Vremya [Language. Ethnic group. Time]. Ocherki po russkomu i obshchemu yazykoznaniiyu. – Petrozavodsk: Izd-vo Petrozavodskogo gos. un-ta, 1993. – kitap
7. Maslova V.A. Lingvokul'turologiya: ucheb.posobie dlya stud.vyssh. ucheb. Zavedenij [Linguoculturology: a textbook for students of higher educational institutions]. – 4-e izd., ster. – M.: Izdatel'skij centr «Akademiya», 2010. – 208 s – kitap
8. Қазақ тілінің sinonimder sözdigi [Dictionary of synonyms of the Kazakh language]/ Құраст.С.Бизақов, Ә.Болранбаев, Ш.Дәулетқылов – Almaty: «Arys» baspasy, 2005. – 720 бет. – sözdik
9. Қазақ тілінің түсіндірме sözdigi [Explanatory Dictionary of the Kazakh language]/ ZHalpy redakciyasyn басқарған Т.ЗҺанұзақов. – Almaty:Dajk- Press, 2008. – 968 б. – sözdik
10. Бөлеев Қалдыбек. «Болashaқ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау» [Professional preparation of future teachers for National Education of students]. Almaty «Nұrly әлем ». 2004 zhyl – оқулық
11. Kenzheahmetұly S. Қазақ халқының salt-dәstұrleri [Traditions and customs of the Kazakh people]. – Almaty: «Almatykitap baspasy» ZHSHS, 2010. – 312 бет, suretti. – kitap
12. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің frazeologiyалық sözdigi [Phraseological Dictionary of the Kazakh language].

Almaty, Қазақ SSR-нің «Ғылым» баспасы, 1977 ж. 712 б. – сөздік

13. Қайдар Әбдуәлі. Қазақтар ата тили әлемінде: etnolingvistikalық сөздік [Kazakhs in the world of the native tongue]/ Ә.Қайдар. – Almaty: «Sardar» баспа үји, 2013. Т.2: Қоғам. – 2013. – 728 бет. – кітап

14. Merej SHәriphanұly/ Қазақтұң мақалмәтелдері [Kazakh Proverbs]/ Ysh tomдық. – Astana: «Master Po» ZHSHS, 2011. – 574 б. – кітап

15. Mankeeva ZH. Қазақ тил билиминің мәсеелели [Problems of Kazakh linguistics]. – Almaty: «Abzal-Aj» баспасы, 2014. – 640 бет. – кітап

16. ZHanpeisov E.N. Etnokul'turnaya leksika kazahskogo yazyka [Ethno-cultural vocabulary of the Kazakh language] (na materialah proizvedenij M.Auezova). – Alma-Ata: Nauka, 1989. – 288 s. – кітап

17. Қайдар Әбдуәлі. Қазақ тилиндегі қос сөздер: зерттеу және сөздік [Double words in the Kazakh language: research and dictionary]. – Almaty: «Sardar» баспа үји, 2013. – 456 бет. – кітап

Автор туралы мәліметтер

Әбдімәулен Гүлмира Абдимауленқызы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің PhD докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Abdimaulen Gulmira Abdimaulykyzy – Ph.D student at L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.